

«Жетістікке жету жолы!»

Тұлғаның жетістігі – талпыныс пен әрекеттердің нәтижесі, қажырлы еңбектің жемісі. Жетістікке жету айқын мақсат пен қайтпас ерік-жігерді талап етері анық. Бұл жолда нақты жоспар мен дұрыс бағытты табу да маңызды. Мен – Кәдір Тоғжан тұлғалық даму бойынша түрлі бағытта өзімді дамыту барысындамын. Мен үшін, жеке дамуға жарық сыйлап, жарқын болашақтың есігін ашуға бастама болған «El Umiti» Премиясы» жобасының маңызы ерекше. «El Umiti» Премиясы» жобасы – жастардың дарынын шыңдап, жаңа бастамаларының жүзеге асуына мүмкіндік сыйлайтын ауқымды жоба. Өзін-өзі жетілдіруге бағытталған жобаның қазіргі таңда өзектілігі орасан зор. Себебі бәсекеге қабілетті қоғамның бірден-бір алғышарты – өзінді түрлі салада дамыту. Жобаның басты мақсаты да – осында. 7 бағыт бойынша жеке дамумен айналысу барысында сан алуан саланы меңгеріп, білімімді жетілдірдім. Тәжірибелі тәлімгерлерден кеңес алып, біліктілігімді арттырдым.

«Оқуға құштар ұлт» бағыты бойынша «Ұстаз тілегі» сайтынан «Абай дана, Абай дара қазақта», «Қазақтың мұзбалағы Мұқағали» республикалық блиц-турнирлеріне қатысып, I дәрежелі дипломды қанжығама байладым. Абай туындыларына тереңірек үніліп, «Абай оқулары» жобасында бағымды сынадым. «Спорт және салауатты өмір салты» бағыты да мен үшін маңызды болды. Аталған бағыт бойынша «Өзін-өзі қорғау техникасы», «Спорт және даму» курстарынан біліктілігімді жетілдірдім. «Еріктілік» бағыты да қоғамға ерікті түрде пайдамды тигізуге мүмкіндік берді. Қазіргі кезде «Newman» қаланың волонтерлік іс-шараларымен айналысатын ұйымының мүшесімін. «Экологиялық мәдениет, туризм» саласы бойынша «Экология негіздері» курсынан өттім. «Өзін кәсіби маман ретінде айқындау» бағыты бойынша «Life skills – Өмірлік дағдылар» курсы мені меңгеріп шықты. «Meta-skills» бағыты да дамуыма айтарлықтай әсерін тигізді. «Елбасы медалі» жобасында 12 ай 7 бағыт бойынша дамып, «күміс медаль иегері» атандым. «Ұялы телефонға видео, фото түсіру» қосымша дағдыларын дамыттым. Ұлттық мүдде мен сана-сезімнің дамуына бағытталған «Ұлттық мұра» бағдары «Туған жерім – шағын Отаным», «Ел іші – алтын бесік» бейне байқауларына қатысуға мүмкіндік сыйлады. Онымен қоса «Тәуелсіз Қазақстан тарихы» интеллектуалды викторинасына қатысып, жүлделі болдым.

Жоба барысындағы жетістікке жету жолы дәл осылайша жалғасын табады. Жастардың жан-жақты дамуы мен өзіндік идея ұсынуына мүмкіндік беретін жобаның тиімділігін де осыдан аңғаруға болады. Тұлғаның тұла бойындағы дарынын ашып, бірнеше бағдарлар бойынша бағын сынап көруінің өзі – болашағына бастама деп білемін. «El Umiti» Премиясы» өмірлік жетістікке жету жолымызға елеулі үлесін тигізді. Осы қарқынмен қадамымызды нық басар болсақ, алдымызда жаңа жетістіктердің күтері анық. «El Umiti» Премиясымен» жетістікке бірге жетейік! Ілгері қадам жасап, жарқын болашақтың іргетасын бірге қалайық!